

FTAMP 821.512.122

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph13>**С.Б. Ержанова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: esb72@mail.ru

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Бұл мақалада тәуелсіздік жылдарында поэзиялық шығармаларға арқау болған әлеуметтік тұрмыс, ұлт тағдыры, халық жағдайы суреттеледі. Адамзат баласы жаралғалы бері, өзінің бас еркіндігі, елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресіп келеді. Азаттық таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестер һәм олар туындатқан тарихи оқиғалар – бүгінгі егеменді еліміздің қара шаңырағының рухани уығының бір парасы болатын поэзиялық шығармалардың даму, қалыптасу, өрлеу жолдарына әсері бар ма және тәуелсіздік ақындар шығармашылығына қандай өзгерістер мен ерекшеліктер алып келді, соны зерделеу. Тәуелсіздік кезеңіндегі ақындардың шығармашылық бағыты, қамтыған тақырыптары, жекелеген ақындар шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихынан алар орнын анықтап, поэзиялық ерекшеліктерін қарастыру. Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың поэтикалық ерекшеліктерін пайымдау, жекелеген ақындар шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихынан алар орнын анықтау. Тәуелсіздік идеясы туралы отандық және шетел ғалымдарының пікірі салыстырылып қарастырылады. Зерттеу мақсаты: тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының көркемдік сипаты мен жанрлық-поэтикалық-мәтіндік ерекшеліктеріне жан-жақты зерттеу жүргізу. Тәуелсіздік жылдарында поэзия әлеміне келген жас ақындардың шығармашылығын, олардың негізгі қалыптасу арналарын, даму сипатына сай жұмыстар жүргізу. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясында жанрлық, поэтикалық өзгерістер негізі мәдени интенсияны кодтап, поэтикалық шығармашылыққа жеке-дара мағына беріп, қазіргі замандық мәтін аясындағы ұлттық және кірме жанрларды жақындастырып, қазіргі замандық тіл мәдениетінің көркем эстетикалық күшін ерекшелейді.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, поэтика, лирика, жанр, идея, еркіндік, поэзия, көркемдік.

S.B. Yerzhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: esb72@mail.ru

The idea of independence in Kazakh poetry

This article describes the social life, the fate of the nation, the state of the people, which became the basis of poetic works during the years of independence. Since then, humanity has been fighting tirelessly for its freedom, for the independence of its country. The study of whether poetic works influenced the path of development, formation, ascent, and what changes and features brought independence to the work of the Akyns, was part of the spiritual heritage of the modern sovereign state – historical events caused by the thirst for liberation and the social struggle for its achievement. To consider the features of the poetic direction, the topics covered by the poets of the period of independence, to determine the place of the creativity of individual akyns in the history of Kazakh literature. Comprehension of poetic features of poetic works during the years of Independence, determination of the place of creativity of individual poets in the history of Kazakh literature. The purpose of the study: to conduct a comprehensive study of the artistic nature and genre-poetic-textual features of Kazakh poetry over the years of independence. Carry out works that correspond to the nature of development, the main channels of formation and creativity of young poets who came to the world of poetry during the years of independence. The foundations of genre and poetic transformations in Kazakh poetry during the period of independence encode cultural intensification, give poetic creativity an individual meaning, bring together national and related genres in the context of a modern text, emphasize the artistic and aesthetic power of modern language culture.

Key words: independence, lyrics, genre, idea, freedom, poetry, artistic.

С.Б. Ержанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: esb72@mail.ru

Идея независимости в казахской поэзии

В данной статье описываются социальный быт, судьба нации, состояние народа, ставшие основой поэтических произведений за годы независимости. Человечество с первых дней своего существования, не жалея своих сил, борется за свою свободу, за независимость страны. В статье раскрывается идея народа о свободе. Общественная борьба и исторические события, возникшие в результате таких действий, повлияли на развитие, становление, восхождение поэтических произведений, являющихся частью духовной жизни современного независимого государства, и какие изменения и особенности внесли они в творчество казахстанских поэтов. В процессе анализа определены направления, охваченные темы, место отдельных поэтических произведений в истории казахской литературы, а также выявлены их поэтические особенности. В статье рассматриваются и сравниваются мнения отечественных и зарубежных ученых об идее независимости. Цель статьи: провести всестороннее исследование художественного характера и жанрово-поэтико-текстовых особенностей казахской поэзии за годы независимости. Важно проводить работы, соответствующие характеру развития, основным каналам становления творчества молодых поэтов, пришедших в мир поэзии за годы независимости. Основы жанровых, поэтических преобразований в казахской поэзии в период независимости кодируют культурную интенсификацию, придают поэтическому творчеству индивидуальный смысл, сближают национальные и смежные жанры в контексте современного текста, подчеркивают художественно-эстетическую силу современной языковой культуры.

Ключевые слова: независимость, лирика, жанр, поэтика, идея, свобода, поэзия, художественный.

Кіріспе

Адамзат жаралғалы бергі уақытты алмаған күннің өзінде қоғамдық институттар: мемлекетке бірігу, қағанатқа топтасу және хандық құру пайда болған уақыттардан бергі тарихи дамуына көз жіберген кез келген ұлт өкілі білуі тиіс. Сонда ғана бабаларымыз жүріп өткен қиын-қыстау жылдардың зобалаңын сезініп, бүгінгі біздердің тәуелсіздікті не үшін қадірлейтінімізді түсінеді. Адамзат баласы, соның ішінде қазақ халқы кез келген қоғамдық санаға сілкініс әкелген оқиғаларды, кезеңдерді шығармашылық барысында өрнектеп отырған. Қазақ халқының шығармашылығынан оның қиын-қыстау жылдарының тарихы ғана емес, қарапайым ғана тұрмыс-тіршілігі де байқалып жатады. Бұл біздің халықтың өмірінде көркем шығармашылықтың, соның ішінде поэзияның, ерекше орын алатынын байқатса керек. Осындай түсінік призмасы арқылы зерделей отырып, халқымыздың бостандық пен азаттық туралы идеясының ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқанын аңғаруға болады. Көк түріктер дәуірінен бастап, жыраулар әдебиетін, ауыз әдебиетінің батырлар жыры жанрын, «зар заман» ақындары шығармашылығын, жиырмасыншы ғасыр тудырған әдебиетті зерделеу арқылы бүгінгі тәуелсіздік таңындағы әдебиеттің қайнар көзін танимыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ өлеңінің тәуелсіздік идеясы мен жанрлық тұтастығы мәселесі әдебиет зерттеушілерінің зерттеу нысанына айналып келеді: А. Байтұрсынов, З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, С. Қасқабасов, Ш. Елеукенов, Н. Келімбетов, Р. Нұрғали, А. Қыраубаева, Т. Шапай, А. Шәріп, Б.К. Майтанов, А. Исмакова, Ә. Қайырбеков, С. Ержанова еңбектері жанрлық теорияның бірнеше ерекше тәсілдерін түзуге мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың дамуына қатысты Ә. Қайырбеков «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы (1991-2001): проблемалар, ізденістер» атты кандидаттық диссертация қорғағаны белгілі. Зерттеуші аталған еңбегінде тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың жариялануына, жаңадан көрініп келе жатқан жас ақындардың шығармашылық ізденістеріне, аға буын ақындардың өзіндік қолтаңбаларының сақталуы тұрғысына баса мән беріп, жаңа буынның әдебиетімізден алатын орнын анықтап беруге күш салған (Қайырбеков, 2004: 47).

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы, лирикалық жанрлар мен поэтикалық мәтін сипаты осы уақытқа дейін кең көлемде аз зерттелді. Жекелеген қаламгерлердің белгілі тақырыпқа, белгілі сипатта жазылған туындылары жалпылама түрде аталып өткені болмаса, жекелей алынып, ар-

найы қарастырылмаған. Оның үстіне аталмыш ақындардың шығармалары арқылы қазақ поэзиясындағы пайда болған жанрлық өзгерістер мен пішіндік құбылыстар, көркемдік сипаттары туралы жазылған теориялық еңбектердің аздығын дәлелдейді.

Зерттеу материалы және әдістер

Зерттеу әдіснамасының негізіне ұлттық идея туралы ойлардың қайнар көзін кейбір дамыған елдер мен ұлттардың қысқаша тарихына қатыстысты материалдарға шолу жасалды. Зерттеу материалы қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының ұлттық идеямен қабаттасып жатқандығы, поэтикалық мәтін және жанр мәселесіне арналған отандық ғалымдардың еңбектеріне негізделді. Оларды жалпылау негізінде ақындарымыздың шығармашылығын зерттеудің негізгі бағыттары анықталды, олардың дүниетанымы мен тәуелсіздік ұғымы туралы ұлттық дүниетанымының аясында қарастыру көзделді.

Шетелдік ғалымдардың заманауи әдебиеттану мәселелері, әр елдердің, тәуелсіздікке ұлттық идеяға қатысты тұжырымдары, көркем шығармашылықтың табиғаты қарастырылған жұмыстарына көңіл бөлінді. Оларды талдау және жүйелеу әдеби шығармашылықтың танымдық аспектілерін зерттеуге көзқарас принциптерін дамытуға ықпал етті.

Зерттеу барысында тарихи-функционалдық, герменевтикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды, біріншіден, поэтикалық шығармалардың табиғатын ашуға мүмкіндік берді; екіншіден, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының даму ерекшеліктері мен ақындар дүниетанымы, олардың болмысын және тұлға ұғымын түсінуге мүмкіндік берді.

Тарихи-функционалдық әдіс қазақ әдебиетінің классиктері өмір сүрген дәуірді түсінуге ықпал етті. Бұл олардың өлеңдерінің шындық оқиғаларымен байланысын түсінуге мүмкіндік берді.

Герменевтикалық әдіс қазақ әдебиеті классиктерінің поэтикалық шығармаларының идеялық-тақырыптық мазмұнын түсінуге ықпал етті. Оны қолдану авторлық тұжырымдаманың мәнін, шығармаларға енгізілген мағыналарды ашуға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы тарихи әдіс ақындардың дүниетанымындағы жақындық пен айырмашылықты анықтауға ықпал етті. Оны қолдану тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясында бей-

нелеген шындыққа көзқарастарының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Әдебиеттанудағы ұлттық идея мен тәуелсіздік идеясының көрінуі әр халықта өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатыны белгілі. Ол әрбір елдің тарихи-әлеуметтік даму факторына қатысты да көрініс беріп келеді. Тәуелсіздік, азаттық және ұлттық идеяға қатысты ойлар мен зерттеулер негізіне шетел және орыс ғалымдары: С.Л. Лаперуз, С. Франк, Дж. Адамс, Р.П. Уоррен, С. Цвейг, Э.Я. Баталов, Ю. Сохлякова, Л.П. Карсавин, Л.Т. Морозова және т.б. жазды. Мәселен, орыс идеясы мен американдық арманның әртүрлі түсіндірмелері мен бағалаулары көбінесе «әлеуметтік миф», «арман», «идея» сияқты ұғымдардың әр түрлі түсіндірулерінен туындайтынын ескере отырып, автор теориялық және әдіснамалық жоспардың бірқатар мәселелерін қарастыру арқылы зерттелетін құбылыстарды тікелей талдау мен салыстырудан бұрын қажет деп тапты (Баталов, 2009).

Қазіргі әлеуметтік миф дегеніміз не, оның белгілері мен функциялары ұлттық өзін-өзі танудың бір түрі ретінде; ұлттық өзіндік тұжырымдаманы қалыптастырудағы әлеуметтік-саяси мифологияның рөлін тануға; мифтің ерекшелігі мен миф-армандар және т.б. тануға мүмкіндік беретінін айтып кетті (Lapeyrouse, 2005).

Идея әлі күнге өзекті, бірақ ол соңғы онжылдықтарда өзінің келбетін біршама өзгертті. Ол бізбен бірге. Ол бізде. Бұл жақсы немесе жаман және бұл белгілі бір қоғамның одан әрі дамуына әсер ететіні белгілі дейді кейбір зерттеушілер (Frank, 1990). Біз ұлттық идеяның мәнін нақты елдің мәдениеті мен қоғамдық санасында бейнеленген ұлттық әлеуметтік миф ретінде түсінуге тырысуымыз керек деп жазды зерттеуші (Adams, 2017). Аталмыш ойдың негізінде тәуелсіздік, еркіндікке құштарлықтың дамыған көрінісі ретінде ұлттықтың болмысы танылатынына басымдық береді.

Ал осы мәселеде соңғы жылдары жиі дискуссияларымен көрініп жүрген зерттеушілер В.Я. Лазарев пен О.Я. Гушновалардың пікірлерінде отандық қоғам өткенді емес, қазіргі мен болашақты көбірек алаңдататынын айтады. Сондықтан, 90-шы жылдары елде елдің және оның халқының жаңа келбеті туралы, оны біріктіретін, жұмылдыратын, «ерлік пен еңбекке» шақыратын кең пікірталас басталған кезде, екпін

орыс идеясынан ұлттық идеяға біршама өзгерді, дегенмен бұл екі сөздің нені білдіретінін ешкім нақты білмеді. Содан кейін бәрі араласып кетті. Олар ұлттық идеяны білдіретін Орыс идеясы және орыс идеясын білдіретін ұлттық идея туралы сөйлесті. Ал біреу бірін екіншісінен батыл бөлді...дейді олар (Лазарев, Тушнова, 1998). Ұлттық идеяның негізінде тәуелсіздік, еркіндік туралы ойлардың жатқандығы туралы өз еңбектерінде (Hogase, 1993), (Heidegger, 2000), (Dennet, 1997), (Mseachern, 2003) терең талдап өтеді.

Кеңестік қоғам ыдыраудың алдында екені белгілі болған кезде ғана біз қайтадан тәуелсіздік идеясын жаңғырта бастадық. Сонда оның алғышарты негізінде біздің алдымызда: әлеуметтік, саяси, этникалық деген ұғымдар көріне бастады. Содан кейін ғана біз тәуелсіздік, ұлттық идеяларға баса назар аудардық. Ұлттық идеяның негізінде біздің тәуелсіздігіміз жатса бұл жалпыадамзаттық идеяның ерекше көрінісі ретінде танылатын адамзат туралы мифтен басталу керек қой. Бұл туралы ғалымдардың (Warren, 1988; Zweig, 1992) зерттеулерінде жақсы көрініс тапқан.

Отандық әдебиеттануда тәуелсіздік, азаттық ұғымдарға қатысты қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Ғалымдар өз еңбектерінде көркем шығармашылықтың табиғатын түсінеді, автордың ойлауы мен қоғамдық әлеуметтік жағдайдағы факторларды түсінеді. Оған әсер етуші механизмдерді табады. Поэтикалық шығармаларды талдау әдістемесі жасалып, негізделеді. Зерттеушілер поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтардағы сарындар мен көркемдік қазақы әдіс-тәсілдерді қамтиды. Поэзиялық шығармаларда көнетүркі сарыны, жыраулар әдебиетінің үлгісі бүгінгі көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасқанын айтады. Азаттық идеясының мәңгі өлмейтінін, оның жердің айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін және тарихи факторлардың ұқсастығы немесе рухани жаңғыру арасындағы байланыс принциптерін анықтайды (Зайкенова, Кожакеева, Ержанова, 2019: 584).

Талқылау мен нәтижелер

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтардағы сарындар мен көркемдік әдіс-тәсілде. Егемендік жарияланған

күннен кейінгі поэзиялық шығармаларда қазақ поэзиясының классиктері жырлап кеткен тәуелсіздік идеясы көнетүркілік сарыны, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Осы реттен алып қарағанда шынайы азаттық идеясы өлмейтінін, оның жердің айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін көреміз және тарихи факторлардың ұқсастығы немесе рухани жаңғыру арасындағы байланыс принциптерін көреміз.

Сана бостандығының нәтижесі ретінде туындаған тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің – біз үшін ерекшелігі өте мол, құны жоғары. Оны біздің ақындарымыз жеріне жеткізе жырлады да. Тәуелсіздік туралы жазылған том-том кітаптарды дүниеге әкелді. Егемендіктің қоғамдық санаға ерекше серпіліс әкелгенін бәріміз де білеміз. Оларды азаттық таңы туралы жазылған өлеңдерден байқауға болады. «Мұз құрсаңған ақ көрпеге оранған, қиын-қыстау, сары аяздан, бораннан, қорықпастан менің туған бөбегім, мемлекетім азаттығым оралған, -деп, Гафу Қайырбеков жырлаған тәуелсіздік иісі қазақты ғасырлар бойғы толассыз күрестерге жетелеген болатын. Бұл туралы біз жоғарыда қазақ әдебиеті тарихындағы азаттық идеясының жалпы дамуына көз жүгіртіп өткенде ол туралы айтып өттік. Азаттық идеясы бұл – адамзаттың барлығына ортақ тақырып. Қазіргі уақытта да өзінің бостандығына қол жеткізе алмай отырған ел, күресін жалғастырып келе жатқан халықтар қаншама.

Тәуелсіздік алу философия тіліне салатын болсақ, қоғамда жүріп жатқан жарылыстар көрінісі болатын. Қоғамда болатын мұндай жарылыстардың адамзат санасына тигізетін әсері өте мол. Қоғам жаңалығын жаны қалмай жариялап, жоғын жанұшырып іздейтін шығармашылық иелері – ақындар қуанышында шек болмаған. Солардың бірі «қызыл саясатқа құлшынып қызмет істемеген, санаулы санаткер ақындардың бірі» талантты аудармашы Қуандық Шаңғытбаев:

Азат елдің азаматы – мен енді,
Кең кезеңге кеуіл сорлы кенелді.
Келем, міне, алшаң басып елімді
Ағытып ап мойнымдағы көгенді,
(Шаңғытбаев, 1996: 5) –

деп жырлайды. Жалпы отаршылдық саясатты көгенге, тұсауға, шідерге, құрыққа, шын-

жырға, қамытқа теңеу, яғни нақтылы адамды тоқтататын, тежейтін физикалық денелерге балау көрініс алды. Бұл образдық тұрғыдан ойлау бағытында өте сәтті екені рас. Адамның рухының қапасақ қамалуына, нақтылы заттық шектелуге балау арқылы «заттандырып көзге көрсеткісі» келген ақындардың талпынысы болатын. Бұл ретте тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы қазақ ақындарының жалпы қабылдауын ХХ ғасыр басындағы төңкерісті қарсы алған шығармашылық иелерінің көңіл-күйімен салыстыруға болады.

Уақыт қоғамдық құндылықтардың бағасын өзгерткен сайын, мәдениеттер алмасуы мен руханияттар жаңғыруы орын алады. Тәуелсіздік алған жылдар біздің санамызға шынымен-ақ ерекше бір серпіліс әкелгенін бұл күнде оған да етіміз үйрене бастаған біздер байқай алмаспыз. Алайда арада ұрпақ алмасқан кезеңде, бұл күн келер күннің қарауылынан қарауға жеткен кезде тың бағамдау байқалады. Қоғам өз ішінен өзін байқай алмайды. Бұл ұшақтың ұшып бара жатқанын ішінде отырған адамнан гөрі оны бақылап жерде тұрған адамның көре алуы немесе сезінуі сияқты нәрсе.

Санамыздың түкпірінде бұлқынып жатқан көзқарастарымыз жұлқынып сыртқа шығуға мүмкіндік алды. Қазіргі қоғам біз үшін солай, яғни көненің көзі мен жаңа дәуірдің басталуы. «Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айттып жеткізе алмайтын қуатты сөз бас құрайтыны содан» (Дәстүр және жаңашылдық, 1981: 13).

Тәуелсіздікті жырлау басқа тақырып болғанда оны қандай деңгейде жырлау басқа талаптарды қажет етеді. Өзіміз межелеген өзектің тұсынан қарап тұрып айтатынымыз, барлығымыз балаша шаттанып қуана қарсы алған тәуелсіздік біздің әдебиетке, соның ішінде поэзия жанрына еркін ойлауды, сана бостандығын, рухани танымды алып келді ме немесе оны біздің әдебиет субъектілерінің поэтикалық потенциалы қаншалықты деңгейде жарыққа шығарып бере алды?

Дәстүрге мойын бұра отырып біздер әдебиеттегі жаңа құбылыс дейтініміз сол көп жылғы тәжірибенің, көркемдік дәстүрдің озығы, ең алдыңғы қатарлысы болуға тиістігін және «жаңашылдық дегеніміз көнерген, тозған дәс-

түрден арылып, заманның ілгерішіл, прогресшіл талабына сәйкес дәстүрден, өнегеден барып туындайтын құбылыс» екендігін осы еңбекті оқығанда бағамдаймыз. Алдыңғы толқын ағалар өздерінің бұрынғы жариялылық сипатындағы жарқын дауыстарын жалғастыра отырып, тәуелсіздік қуанышын қабылдаса, соңғы толқын інілер жаңалықты жаршысы ретінде іліп алып, жаңаша үлгідегі поэзиялық туындылар сыйлағанын көреміз.

Кейбіреулері негізгі айқындаушы стиль ретінде қалыптаса алмаса да поэзиялық шығармалардың даму барысында еркін ойлаудың шынымен-ақ шығармашылықта орын алғанын көруге болады:

- поэзиялық шығармаларда кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында орын алған жариялылық сипат жалғасын тапты;
- нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрдің жаңғыруы көрінді;
- көне түркілердің сарынын жеткізетін түркішіл желі дүниеге келді;
- ұлттық танымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты.

Әрине аталған жіктеулер нақтылы ғылыми дәлдіктен алыстау болғанымен, жалпы алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзияның сараптау желілерін нақтылы талдап көрсетпегенмен, олардың даму салаларын бағдарлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, негізінен алғанда, тәуелсіздік жылдары шығармашылыққа шынымен-ақ еркін ойлауды алып келгенін көреміз. Әрбір ақын халқадірінше қоғам шындығын жеткізіп жатты. Ол шындықтардың көркем әдебиетте поэтикалық өрнектелуінің деңгей-дәрежесі басқа әңгіме де, ол шындықтың айтылуы бұл жерде басқаша сөз болып отыр. Кеңес үкіметі кезіндегі ақ-қара бояудың орнын түрлі-түсті, тіпті «түсініксіз» бояулардың алмастырғаны да шындық. Қалай болған күнде де «әдебиет мінберінен ашық әңгіменің» айтыла бастағаны белгілі. Бұл – тәуелсіздіктің ең бірінші, әрі басты жетістігі болатын. Мысалы Н. Айтұлының «Қазақ сиқы» өлеңіне назар аударайық:

Сөз айтпаймын мен саған қитығардай,
Тұрмысыңның, қарашы, сиқы қандай?
Жалғыз үйден аумайсың жау тонаған,
Үрерге иті, сығарға биті қалмай?
... Бойға біткен бұйырмай құтың-дағы,
Төсеніштің қалмады бүтін жағы,
Екі қолың босамас борбайыңнан,
Тозған шалбар тоналса бұтыңдағы
(Айтұлы, 2005: 6).

Ақын тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі алғашқы жылдарындағы қоғамда көрініс алған әлеуметтік тұрмысты, ұлт тағдырын, халық жағдайын баяндайды. Аталған өлеңнен ақынның азаматтық тұлғасы мен позициясы айқын көрінеді. Қоғамның мұндай ашық сипатты суретін жиырмасыншы ғасырдың басындағы алаш ардақтыларының жазып қалдырған айтулы шығармаларынан көреміз. Одан кейінгі кеңестік әдебиет тұсында қоғамдық-әлеуметтік өмірді бұлайша суреттеуге тыйым салынғаны белгілі.

Сонымен қатар әдебиет ағымының аласапыран дамуын қоғамда өзгерістер мен бөліністер орын алғанда дамитынын байқауға болады. Өткен ғасыр басындағы қазақ зиялылары төңкеріске дейінгі һәм одан кейінгі халық өмірінің барлық тұсын ашық айтуға тырысты. Жоғарыдағы Несіпбек ақынның өлеңіндегі қоғам шындығының суреті Мағжан ақын жазған қазақ өмірінің суретімен ұқсас екенін байқаймыз.

Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,
Қана күн кеп, тіккен туы жығылып.
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп.
...Байғұс қазақ бас көтеріп, тұрар ма?... –

дейді Мағжан ақын. Бұл ақындар шығармаларының атынан басталған ұқсастық қана емес адамдар өмірінде орын алған қоғамдық ерекшеліктерге де байланысты болса керек. Бұл ретте ақындардың әдебиет өкілі ретіндегі міндеттерінен қоғамның жаршысы ретіндегі азаматтық міндеттері үстем тұр. Олар халық өмірінің келеңсіз тұстарын суреттеу арқылы барлық шындықты айтуға тырысады.

Сонымен қатар әдебиеттің дамуына сол кездегі сыртқы және ішкі факторлардың әсер еткенін білеміз. Бұл ретте қоғамдық қоршаған ортаның маңызы өте зор. Сыртқы факторлар ретінде жалпылық тұрғыда ата-бабамыз ертеден аңсаған мемлекеттік егемендікті белгілеуін, халықтың рухани жаңғыруын алуға болады. Ал ішкі факторлар олар саяси-әлеуметтік жағдайдың тұйыққа тірелуі, адамдардың, соның ішінде шығармашылық субъектілерінің өздерінің әлеуметтік жағдайларының нашарлауы тәуелсіздіктің ішкі жағындағы кедергілерді көрсетсе керек. Шығармашылықта бұл екеуі де қатар орын алды. Ақындарымыз сыртқы факторларды сіңіре отырып, олардың трансформациялануы арқылы жаңа туындыларды дүниеге әкелді. Осыдан барып жалпы поэзиялық шығармаларды жайлаған мұңлы сарын,

қиналыс пен күйзеліс, қатулы қабақ-күй пайда болды. Біз тануға тиіс шындықтар көркем шығармалардан тіпті қоюланып көрініс алғанын байқаймыз. Бұл әлеуметтік шындық, қоғамдық орта қалыптастырған өмір шындығы. Мысалға Т. Әбдікәкімұлының «Ел көшті» өлеңіндегі қазіргі қазақ елінің тағдыры суреттелген:

Сол сұрақ...
Сол бір сұрақ ырықты алып,
Шыбықтай тұрып кетем сынып барып.
Шықпайды көкейімнен жауабы әзір,
Тобықтай тамағыма тұрып қалып.
Дертінді жүрмесе де елеп ешкім,
Мен сезем,
Көзі соқыр көр емеспін.
Тау асқан Алаш жұрттың аз ба саған,
Ана-жұрт,
Ата-жұрттан неге көштің?
(Әбдікәкімұлы, 2000: 73) –

деген жолдарда белгісіздеу бір бөлшегі ел-жұрттың туған мекеніне қоныс аударуына баса назар аударады. Туған жер қазақ халқы үшін қашанда ыстық, қашанда қымбат. Алайда адамның ол жерден ауа көшуі қазақ баласының басына төнген ауыртпашылықты көрсетсе керек. Ақын өзі тұрған Байқоңыр қаласының қазіргі геосаяси жағын ақтарып, ұрандаудан гөрі елдің ауа көшуін айту арқылы қоғамға, халыққа ой тастайды.

Әдебиетке 80-інші жылдардың соңы, 90-ыншы жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді десек қателесе қоймаспыз. Ол буыннан бөле-жарып Т. Әбдікәкімұлын, Н. Мәукенұлын, С. Нұржанды, Г. Салықбайды, Ж. Әскербекқызын, М. Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж. Сәрсекті, Б. Бабажанұлын, Б. Алдиярды, Д. Берікқажыұлын атауға болады. Бұл буын Кеңестік дәуірдің соңғы қыспағын көрді және тәуелсіздік отының тұтануына оттық болған желтоқсан оқиғасына кейбіреулері куә болса, ал көрмегендері лебін сезінді. Шығармашылық қуаттарының енді қалыптаса бастаған шағында қоғамда болып жатқан өзгерістердің аталған буынның ақындық амбицияларын ұштап, жаңа бастауға жол ашқанын байқаймыз.

Қоғам өз-өзінен қожырап, ұранға айналған құндылықтар өзін-өзі жоққа шығара бастаған кезде, жаңа арна тауып ағуға ұмтылған шығармашылық тасқынын белгілі арнаға түсіре білген таланттар бұл күнде әдебиет айдынынан өздерінің жүзу алаңын жасай білді. Ойлау әлеміндегі шаблондарды бұзып, жария

жайдақтықтан бөлек сыры терең, ойы нәзік, рухы қуатты лирикалық туындыларды дүниеге әкелді.

Поэзиялық шығармалар ішкі қуатқа, ішкі кеңістікке ие болды. Шығармашылық субъектісінің дүниетанымы өзгеріп, танымдық құбылыстардың да басқа қырлары ашыла бастады. Яғни өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың сипат-қасиеттерін, типтік тұрғыдан саралап көрсететін шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері айқындала бастады. Осы орайда біз әдебиеттегі күллі жақсыны жоғарыдағы буынға таңып, оларды әшекейлей түсуден аулақпыз. Айттайын дегеніміз олардың алдындағы буынның өкілдері мойынсұна бастаған жария ұран, жасанды тамсанудың жойылғаны, адам мен өмірдің бетпе-бет келіп, лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысы, күрсінісі арқылы, ақын бұрынғыдай жадағай сурттуден арылып, сол оқиғаға тікелей арласушы ретінде байқалғаны.

Алдыңғы буын шығармашылығына қатысты бұл ойды Тұрсынжан Шапай «Ой түбінде жатқан сөз» кітабында білдіріп, мәселені сол уақыттың өзінде өткір қоя білген болатын. Талантты сыншының іздегені жерден табылып, жаңа буынның қалыптасқанын бәріміз көзімізбен көрдік. «Лирикалық поэзияға жан беретін – көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі» (Шапай, 1989: 32) сияқты көркемдік элементтер тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттен көрінгені рас.

Қоғамның ащы шындығын баса айту кеңінен орын алып, адамзат мәселесіне бұрынғыдай космостық масштабта араласу тыйылып, жеке адам ретіндегі түсініктер орын ала бастады. Бұл буынды бағалаған ғалым-сыншы Б. Майтанов «Сөз сыны» еңбегінде «...қазақ ақындарының да жан сырын жаулаған мәңгілік ақиқат құпиялары, ұлттық өлең өнеріндегі өзгеше жаңа құрылым, болмыс мазмұнына тән ғарыштық тегеурін, ғажайып сұлулық аспандағы жұлдыздармен жарасым іздеуде», – дейді (Майтанов, 2006: 341).

Сөзіміздің дәлелі ретінде Тыныштықбек Әбдікәкімұлының келесі өлеңіне назар аударалық. Жалпы, Тыныштықбек қазақ әдебиетіне ерекше леп әкелген ақындардың бірі. Оның діни-танымдық, философиялық шығармашылығына дейінгі жазылған таза поэтикалық туындыларында көркемдік бояу тұтасқан, ойды жеткізуі нақты, образдары соны болып келеді. Әр жылдары жарық көрген «Ақшам хаттары» мен «Ырауан» жыр жинақтары соның дәлелі. Соңғы жылдары жарық көрген «Хас сақ аңқымасы»

еңбегін ақынның қазақ әдебиетіне қосқан үлкен танымдық зерттеу еңбектердің бірі ретінде тануға болады.

Сезетінді сезбейтіндей жылым іш,
Естіместей құр құлақ.
Басынамыз бірімізді біріміз,
Басымыздан ұрғылап.
Ұят құшқан үміт бар ма үкілі?
Сен де – таза, ол да – аппақ?...
Армандатқан әнімізге түкіріп,
Азамызды ардақтап,
Әбігерміз.
(Келешегім кеше гөр!...)
Кеудемізді соғамыз!
Жыртып алып, жат астына төсеген –
Өзіміздің жағамыз!...
Бұл тірліктің нендей ғана заңы бар?...
Қалдырар ма сезім із?
Жылап тұрып мұң шағамыз соңынан
Өзімізге өзіміз (Әбдікәкімұлы, 2000: 43).

Соңғы кездері әдебиетші қауым жиі сөз етіп жүрген модернистік ойлау жүйесінің негізгі дәлелі болатын өлең. Бұл буында модернистік үлгі бар екенін Б. Майтанов та айтып өткен.

Негізінен алғанда модернизмді тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиет ағымынан табу үрдіске айналып барады. Себебі аталмыш ағым біздің әдеби арнамызды анықтауға мүмкіндік беріп, шығармашылық иесінің негізгі ой-орамын тануға жол ашады. Жоғарыдағы өлеңінде ақынның жауыздық пен адамдықтың арасындағы өмір күресін суреттеуі көрінеді. Ақынның лирикалық мені өз атынан сөйлегенмен жалпыадамзаттық мәселені айтуға тырысады. Өлеңнің алғашқы екі тармағы жеке түрде басталғанымен алғашқы шумақтың соңғы екі жолы көп адамдардың қимыл-әрекетіне «бірін-бірі ұрғылауына ұласады». Үміті үзілген лирикалық кейіпкер ме, жоқ әлде адамзат атаулы ма, ол жағы белгісіздеу. Ақынның суреттеу объектісіне қатыстылығы жағынан алғанда қоғамда орын алған бассыздыққа деген ақынның шошына қарағаны байқалады. Келесі шумақтан жоғарыдағы «ұрғылаудан» туындаған істің салдары көрініс тапқан. Қоғамдағы пенделік қарым-қатынас философиясының негізгі орамы жыртықшылық инстинкті оятатынын көрсетеді. Алайда кінәліні қайдан іздейміз, себебі «сен де – таза, ол да – аппақ?..». Бұл жолда қоғамға тән психология бар – бәріне кінәліні алыстан іздеу.

Келесі шумақтың алғашқы тармағында ақын «келешегім кеше гөр!..», – деген сөзді айтады. Өзіне өзі айтады. Келешектің алдында күнәлі болған қоғам үшін кешірім сұраған ақынның

азаматтық тұлғасы, өнердің қоғамды ізгілендіру мұраты айқын байқалады. Ол жолдардың жақшаға алынуы да келешектің көрінбейтінін мегзесе, әрбір адамның өз ішінен өз істеген ісіне ертең жауап беретінін білдіріп кетеді. Бірақ оны ешкімде мойындағысы келмейді, жай ішінен күбірлеп айтады.

Кейінгі шумақтарда лирикалық кейіпкердің қайта сол дүрмекке қосылып кеткенін көреміз. Лирикалық сюжеттің шарықтау шегінде «кеуде соғу, жаға жырту» сияқты қимыл-қозғалыстар көрініс алады. Шешімі ақынның баяндауы тұрғысынан айтылады. Өкіну мен опыну.

Осындай идеал-образ (сен, сіз) Ж. Әскербекқызының да шығармашылығынан орын алған. Сірә, бұл ақындардың нәзік жандылар санатына жататындығынан болар. Қыз ақындардың физиологиялық ерекшеліктеріне қарап, бұл ретте оны нақтылы ер адам ретінде қарау әбестік болар. Алайда олардың нәзік жандары, сезімтал жүректері ер-азаматқа қарағанда дүниені басқа қырынан қабылдайтыны анық. Идеал-образ дегенде ақындардың оларға табына қарауы немесе оларды аспани қасиеттермен көмкеруі жоқ. Идеал-тұлға – ол ақынның тұтас шығармашылығынан орын алған, лирикалық кейіпкерімен тіл табысатын объекті ретіндегі бейне. Лирикалық кейіпкер онымен қоян-қолтық араласып кеткен, жанына жақын да сол, одан тым алыс та сол.

Жанат өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің нәзік болмысына «аңыраған жел» тіркесі эмоциялық сипат үстеп тұр. Біз айтқан тұлғаның назарын аударғысы келетіндей ме, оған өз жанының жарасын жеткізгісі келетіндей ме?! Әйтеуір, лирикалық кейіпкердің өзіне ғана белгілі бір жағдай бар.

Бір буыннан тұратын ұйқастардың жеке жолға жазылуынан лирикалық кейіпкердің оларға екпін түсіретіні байқалады. Сол арқылы ойын нығарлап жеткізгісі келетіндей. Сол бунақтарды өлең тармағының бір жолына жазып қалдыратын болсаңыз, өлең көркемдігінің әлсірегенін және композициялық құрылымның босаңсығанын байқайсыз. Жел мен түн тұспалдау арқылы беріліп, қоғамдық ортаны көрсеткенімен образ дәрежесіне көтерілмеген. Лирикалық кейіпкердің ішкі әлемінің сыртқы дүниені қабылдауы жел мен түннің сипатынан байқалады. Жалпы табиғат құбылыстары тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармаларда анимистік сипатқа ие болып, оның образдық айқындаушы күшіне айналғаны белгілі.

Негізінен алғанда Мағжан ақынның шығармаларынан бастау алатын бұл үрдіс қазіргі уақытта белсенді қолданысқа енгенін көреміз. Сол үрдісті жаңаша түрлендіріп, жалғастырып келе жатқан талантты ақындардың бірегейі – Жанат Әскербекқызы. Ақынның «Көтеріп ап мұң көзені...» деп басталатын өлеңінде ол нақтылы көрінеді. Өлеңнен біз «бет-бейнесі байқалмайтын, алайда нақтылы бір кеңістіктегі лирикалық бейненің «қимыл-қозғалысын» байқаймыз. Көз алдымызға лирикалық кейіпкер періштелік сипаттан өзгешелеу, пенделік әрекеттен оқшаулау тұратын нәзік жанды болмысты елестетеді». Алғашқы шумағынан осылай басталған өлең былай сабақталады:

Тәнін бүркеп боз жамылғы,
Талақ қылып тозған үнді.
Түнде ғана бой көрсетіп,
Кешіп кетер өзге ағынды
(Әскербекқызы, 2007: 110).

Сұлба-лирикалық кейіпкер түн әлеміне құмарта түседі де, күн әлемін өз-өзінен жек көріп, жатсына береді. Тәнін бүркеген боз жамылғы тұман сипатындағы табиғи құбылыстың бөлшегі ретінде танылып, кейіпкерді пенделіктен бөлек сипатқа бөлейді. Шумақтың келесі жолындағы «тозған үн» тіркесі бір қарағанда ұйқас үшін алынған тәрізді. Алайда барлап қарасақ, жанның бейтәни сипатына дерексіз ұғым «үннің» гармониясы байқалады. Бұл ретте сұлба-лирикалық кейіпкер пенделік «дауыстан» арылып, жаңа «үнге», тылсым әлемнің сазына лайықты дауысқа ие болу керек. Осы ретте «жан дауысы шығу» фразеологиялық тіркесінің негізгі көрінетіндей болады. Ал, түн лирикалық кейіпкер үшін құтқарушы, дем беруші қалай болған күнде де оның ішкі әлеміне жақын күш ретінде алынады. (Түн, жоғарыда біз атаған идеал-тұлғадан бөлек). Себебі лирикалық кейіпкерге түн жат емес, қайта түнге келсе, өзін бақытты сезінетін тәрізді. Бұл ретте байқалмас «бақытқа» үстеме ретінде мына шумақ көрініс береді:

Қараңғылық – қабағында,
Түнерген ой – жанарында.
Жүрегіне ай қонақтап,
Жұлдыз жатар табанында
(Әскербекқызы, 2007: 78).

«Жүрегіне ай қонақтаған» лирикалық кейіпкер толыса бастаған, табанында жатқан жұлдыздар оның биіктегенін тағы бір дәлелдей түседі. Алайда ол жұлдыздарды басып-жан-

шудан аулақ, ол тіпті жауыздық дегеннің бар екенін ұмытқан, білмейтін де сияқты. Шартты түрде алатын болсақ, бұл шумақ өлең композициясында шарықтау шегінің қызметін атқарады. Келесі шумақта жан әлемінің түн тылсымына ұқсай бастауы беріледі. Бұдан басқа жанның тәнге оралуы сипатындағы ой дамуы байқалады. Діни-философиялық ұғым бойынша жанның жаратылысының өзі аспан әлемі, түн кезені немесе кеңістік шексіздігі сияқты тылсым, құпиясы мол ұғымдармен тығыз байланысты. Біз өзіміздің қарапайым ойлау жүйеміздің өзінде де жан жаратылысын тылсым күштермен байланыстырып отырамыз.

Таңға жат боп тылсым өңі,
Тал бойына түн сіңеді.
Өң мен түстің арасында
Болар-болмас күрсінеді
(Әскербекқызы, 2007: 56).

Оның негізінен адамдық сипат алуын «күрсінуден» көреміз. Өң мен түстің арасында жатуы да лирикалық бейненің нақтылана бастағанын байқатса керек. Бұл оның жеңілісі емес, ғалам мен жаратылыс заңдылығына бағынышты болуы. Және лирикалық кейіпкердің «түнді кезуі» үздіксіз жалғаса беретін процесс екені байқалады. Ол бір түннің шеңберіне сыятын құбылыс емес, қайта түн өткен сайын жалғасып, жетіліп отыратын құбылыс.

Соңғы шумақ тікелей ақынның атынан айтылатын шешім ретінде берілген. Сұлба-лирикалық кейіпкер тыным тауып жатқан секілді болады. Өлең басталғанда айтылған:

Көтеріп ап мұң-көзені,
Сұлбам менің түн кезеді, –

деген жолдардың қайталануы «сұлбаның» әрекетін көрсетпейді, қайта ақынның баяндауына ұқсайды. Бұл жоғарыда айтып өткеніміздей «кезу» процесінің жалғаса беретінін білдіреді. Шумақтың келесі екі жолында сұлбаның қозғалысы мүлдем тоқталып тыншығаны байқалады да, ақын тұлғасы нақтылы беріледі:

Жолығар ма жоқшысына,
Келер ме екен бір кезегі.

Ақын бұл жерде тілекші, жаны ашушы тұлғасында көрінеді де кәдімгі күнделікті тіршіліктің танымдық сипаты байқалады. Жанның қайтадан тәнге оралуынан кейінгі қарапайым өмірдің күйбеңіне араласу керектігі көрініс береді.

Жанның негізгі ұмтылатын әлемі – жаратушы Хактың мекені немесе өзінің түп-төркіні. Алайда ақын үшін баршаға белгілі аталған діни философиядан гөрі сондай жан мен тән бөлінісі кезіндегі сезімдік түрлену мен психологиялық хал-күй қымбатырақ. Адамның осындай бір аффективті жай-күйінің пайда болу, даму және түйінделу кезіндегі сезімдік құбылыстар динамикасын көрсету ақынның негізгі мақсаты сияқты. Өлеңде драматизм жоқтың қасы, керісінше, психологизм элементтері діни философияның болуы мүмкін шынайы негізін ашуға тырысады.

Образдар қалыптастыру барысында хәм күллі шығармашылығында романтикалық ағымның жарқын үлгісін ұстана білген ақын реалистік қағидалардан да алыс кетпейді. Керісінше, романтикалық ой-сезім мен кейіпкердің өзегінен шым-шымдап суырылатын тағдырдың, қоғамның ащы шындығы жатады. Шындықты айтудың тамаша үлгісі романтикада екенін адамзат әдебиетіндегі тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан да көркем шындық – шығармашылық пен қоғамдық өмірді байланыстырып тұратын нәзік желі.

Бауыржан Бабажанұлы тәуелсіздік жылдарындағы поэзия өкілдерінің ішіндегі өзіндік қолтаңбасы қалыптасып қалған ақын ретінде тануға болатын шығармашылық иелерінің бірі. Ол өзінің шығармашылығында алдыңғы 80-інші жылдар әдебиетіндегі буынның әдеби дәстүрін жаңашылдықпен жалғастыра білген ақын ретінде тануға болады. Ақын ағасы Темірхан Медетбектің пікіріне жүгінсек:

«Бауыржан Бабажанұлы барынша қарапайым жазады, шешен жазады, бір сөзбен айтқанда, қазақы ақын. Табиғаты қазақы. ... оның ерекшелігі сонда, – қандай бір күрделі ұғымды қазақ жанына жақын етіп қорыта білетіндігінде. Ол сөз іздеп, оны жамап-жасқап жатпайды, сөздің өзі табиғи түрде құйылып жатады» (Медетбек, 2008: 3). Інісіне зор үміт артып, жақсысын айтып, нұрын тасыта білген аға сөзіне қосыла отырып, жас ақынның шығармашылығына тоқталамыз.

«Уәде» атты шағын жыр жинағы Бауыржан ақынның өзіндік ойының бар екенін көрсетеді. Осы жыр кітабының ішіндегі «Ескендірдің мүйізі» атты өлеңіне тоқталып көрелік. Тарихта өзінің жаугершілігімен, жауыздығымен аты қалған Александр Македонский туралы және ол туралы айтылатын осы бір аңыздың ізімен жазылған қаншама туынды бар. Әлемдік әдбиетке соқпай-ақ өзіміздің қазақ әдебиетіндегі ғұлама Абайдан басталатын шығармалар көшін қарап шығуға болады. Бауыржан ақынның

Ескендір аңызы хақындағы өлеңі былай басталады:

Мазасыз ой тап болды неге маған,
Тыныштығын күйттеген өлең аман...
Шекпен киіп жайланып үнсіз қалды,
Ел мұны менің мұным! – деген ағам
(Бабажанұлы, 2005: 59).

Жалпы тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалар қоғамдық шындықты айтуда біршама жетістіктерге жеткенін көреміз. 80-інші жылдар поэзиясындағы қоғамдық шындықты айтудың масштабы «әрі кең, әрі биік» болатын. Ақындар ғаламдық масштабтағы адамзат мәселесіне араласып кететін. Мысалға адамның айға ұшуы, бір елде болып жатқан соғыс немесе бейбітшілік, атомдық қару тағы да басқалар. Әрине бұл тақырыптар бүгінгі күні әлі де өзінің маңыздылығын жоғалтқан емес.

Алайда тәуелсіздіктен кейінгі поэзиялық шығармаларда сол жалпы адамзаттық зұлымдықтардың негізгі тамырына үңілу бар. Яғни барлық жамандық та, жақсылық та адам жанында, санасында қорытылып шығады сондықтан да әдебиеттегі адам мәселесі, оны тану мәселесі ешқашан толастамақ емес. Жоғарыдағы Бауыржанның өлеңі де «қасындағы шекпен киіп жүрген» ағасын танудан басталады. Ақынның өзі таныған қоғамдық ортаның ащы шындығын айтуға келгендегі азаматтық тұлғасы қуантады:

Жә, жарайды, тек сол ма үнсіз қалған,
Көкірегіңмен не пайда Күн сызғаннан.
Мен де үнсізбін. Тек шекпен кигенім жоқ,
Әуел баста ондайға қырсыз болғам

Бұл ретте ақынның қоғамдық мәселелерге деген көзқарасы, адамдар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас тәрізді мәселелер орын алған. Алайда өлеңнің көркемдік элементтерінде кемшін тұстары бар екенін де жасырмаған ләзім. Ақын көп өлеңдерінде шұбалаңқылыққа салынып кететіні бар. Әрине көптеген идеялардың қайталанып келе беретінін бәріміз де білеміз. Мәселе сол қайталанып келе беретін идеяларды ақынның оқырман қауымына қалай жеткізетіндігінде болып отыр. Ақынның «Ескендірдің мүйізі бар екенін» айта алмауы қоғамдық кемшіліктерді ашық айта алмауының, біле тұрса да амалсыз қалуының аналогы ретінде беріледі. Тіпті біз қоғамдық шындықты айтудың өзінің негізінде де адамның қоғамдық ортаға тәуелділігі жататынын байқаймыз. «Ескен-

дірдің мүйізі» – сол қоғамымызда орын алған келеңсіздіктердің бетін ашып көрсетуге арналған тарихи мысал. Поэзиялық шығарма арқылы өзінің жаңа сипатына ие болған аңыздың біз атаған азаттық идеясына да өзінің тигізер әсері, ашатын беттері бар екені айдан анық.

Қазақ поэзиясының жоғарыда аты аталған ақындардан басқа үміт күттіретін және өздерінің бірді-екілі кітаптарын жарыққа шығарып, қаламы өлең жазуға қалыптасып қалған ақындар ретінде Бақытжан Алдияр мен Дәурен Берікқажыұлын атауға болады. Бақытжан өзінің сыршыл да нәзік лирикасымен оқырман қауымды баурап алса, Дәурен еуропалық поэзия үлгісін қазақы қара өлеңмен көмкеріп, тамаша туындылар жазған ақын. Поэзия алаңына еркін ойлау, қарымды қалам кеңістігін қамтуға болатын уақытта шыққан ақындардың талантына заманы сай келетін мезеттің туғанын аңғаруға болады.

Бақытжан:

Көнергеннің есте тұтпас көбін ел,
Көре деген көзге бірақ көрінер, –
Жер үстінде – ыбырсыған тірілер,
Жер астында – ыңырсыған өлілер
(Алдияр, 2005: 27).

Немесе:

Даңғазаның буына маң дала мас,
Жапырақсыз қурады арман-ағаш.
Кірпігіне қан қатып қоғамың тұр,
Үміт күткен ұрпағың ол жалаңаш.
Арманымен қондырған айға өлеңін,
Адалдықтың әр кезде байрағы едің.
Етік сатып ертеңің базарда жүр,
Енді күнің не болар, қайран елім?

Дәурен:

Есіре соққан Ебі жел,
Екілен тағы екілен!
Ез туған елге егесіп,
Егізің болып кетіп ем...
Бөлтірік елім шығарып,
Бөрілігін есінен
Қанымды менің қарайтса,
Қан майдан шығар несібем
(Берікқажыұлы, 2006: 98).

Бұл жылдардағы ақындардың өлеңдеріне жалпы алғанда күңгірт бояудың тән екенін кезінде жарыса жазып, «жылауық өлең» қаптап кетті деп дабыра қақтық. Шындығын алғанда өліара мезгіл тарих көрсеткендей қай жерде, қай уақытта болса да қоғамға бір дағдарыс барын ұғындырады. «Жастайынан талағандардың»

тағдырға өкпесі демей-ақ қояйық, назы бары анық. Шығармашылық иесіне барлық жақсылықты, материалдық тұрғыдағы жақсылықты жасаған кеңес үкіметінің шекпенінен шыққан аға буынның оны басқа тұрғыда түсінгені белгілі.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы, оны дүние жүзінің көптеген елдері мойындауы әртүрлі тарихи кезеңдерде тағдыр тәлкегімен шет жұрттарға ауып кеткен, кейіннен әлемнің әр елдерінде тұрақтап қалған қандастарымыз үшін айтып жеткізгісіз қуанышты оқиға болғаны анық.

Тарыдай шашырап кеткен қандастарымыз аттың басын Атамекенге қарай бұра бастады. Қытайдан XX ғасырдың жылдары Қазақстанға өткен, қазіргі белгілі ақын Жәркен Бөдешұлы: «Келе жатыр бауырлар // Ата жұрттың сағынған... // Бір шаңырақ астында түгенделді деген сол, // Азаттықтың ақ таңын // Түгел көрді деген сол. // Көк байрағы көлбеген, // Шаңырағын зерлеген, // Қазақ елі іргелі // Дүниеге мызғымас тіреу болды деген сол» жырласа, Қазақ даласына қарай дүниенің әр қиырынан қозғалған ұлы көш басталып кеткенінің айғағы еді.

Жусанын жұлып,
Жуасын теріп даланың,
Қытайда туып,
Моңғолда ескен баламын.
Алпысқа келдім,
Әлі де тоқтау тапқам жоқ,
Білмеймін әлі
Қай жерден тұрақ табамын.
Болдырып, шаршап,
Қазақ деп аңсап,
Тағы да көшіп барамын,
(Құмарұлы, 2001: 78) –

деп толғанады Моңғолияның Баян Өлгей аймағынан Қазақстанға қозғалған көштің алдыңғы легінде үй орманымен, ағайын – туыстарымен қопарыла көшкен ақын Кәп Құмарұлы. Түркиялық ақын Зейнел Сүрмелі Қазақстаннан Стамбұлға келген қонақтарды қарсы алып тұрып:

Құдайым бақыт берсін бұдан былай,
Алладан тілеп жүрміз медет сұрай.
Тәуелсіз енді осылай күн өткізіп,
Халықтың бағын ашсын патша құдай
(Сүрмелі, 1992: 123), –

деп Атамекенге ала келгені азат Қазақ елі туралы ақжарма жырларды тудырады.

1993 жылы «Жұлдыз» журналында «Шет елдегі қазақ әдебиеті» айдарымен Моңғолиядағы

қазақ ақындары жырларының үлкен топтамасы берілген. Топтама «Армысың, Атамекен!» деп аталған. Тәуелсіздігі төрткүл дүниеге жария болған Қазақстанға Алтайдың арғы жағынан жолданған ақынның сәлемдеме жырлары әр тақырыпты қамтығанмен, ең бастысы, азат елдің ертеңіне береке мен бірлік, баянды бақыт пен бағлан қуаныш, өсіп-өркендейтін үрім-бұтақ тілейді.

Алтайдың арғы бетіндегі қазақ ақындарының туындыларын «Қазақ халқының рухани ұлттық қазынасын өзіндік өрнек-нақышымен, сырлы сазымен байытқан өзгеше бір әлем» деп алғысөзде орынды бағалаған.

Осы орайда, ақын Мұрат Бұшатайұлының «Жібек бұйда тағылған Ойсылқара» (Бұшатайұлы, 1993) атты өлеңі қазақ тағдырын, қазақ бастан кешкен қилы заманды еске түсіреді.

Осы орайда жазушы Қабдеш Жұмаділовтың шетелдегі қандастарымыз арасында салт-дәстүрін, ділін жоғалтпай, біршама таза сақталғаны – Моңғолия қазақтары. Бұл бауырларымыздың атажұртқа оралуы қазақтың суала жаздаған сортаң теңізіне тұщы бұлақ құйылғандай игі әсерін тигізбек деген сөзінің растығына көзіміз жете түседі (Жұмаділов, 1996).

Қытай қазақтарының ортасынан Қазақстанға қарай жол шеккендердің қатарында жас ақындар Мағиза Құныпияқызы (Құныпияқызы, 2003) мен Білісбек Әбдіразақтың (Әбдіразақ, 2003) өлең өнеріндегі өрнекті қолтаңбалары айқын. Арақашық «айғай салымдай» жақын болса да ана заманда алты айшылық жолдан да алыс еді ғой. «Алатаудың пейілі» де бауырға тартып тұр. Ақындық әлеует алты ауыз сөзден де аңғарылып тұрғаны анық. Көріп отырғанымыздай тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің ең асыл, аса озық дәстүрін одан әрі жалғастыра отырып, өз дәуіріне сай жаңа көркемдік деңгейін танытып отыр. Ата-бабаларымыздың бостандық пен еркіндік таңын аңсаған арманының тамыры, көктүркілердің тынымсыз майдан, азаттық жолындағы арпалыс дәуірінен бастау алатын тәуелсіздік идеясы-қазақтың ауыз әдебиетінде, ертегілерінде, фольклорлық шығармаларында, батырлар жырында, жыраулар әдебиетінде, одан бергі әдебиет өкілдерінің туындыларында лайықты жалғасымын тауып келеді. Бір ғажабы соның барлығында да, азаттық идеясы – бар да, ал басқыншылық идеясы атымен жоқ. Шығармашылық адамдарының еркін ойлауымен шектесетін тәуелсіздік, азаттық идеяның адам болмысын, табиғатына жақын екеніне

ғалымдар: Дейк ван Т.А (Dijk van, 1989), Женнет Ж. (Jeannette, 1983), Корпоре (De Corpore, 1981) Мартин (*Martinich, 1995*) Л. Кондыказаковалар (Кондыказакова, 2008) шек келтірмейді.

Зерттеу нәтижелері, қорытынды

Қоғам өз-өзінен қожырап, ұранға айналған құндылықтар өзін-өзі жоққа шығара бастаған кезде, жаңа арна тауып алуға ұмтылған шығармашылық тасқынын белгілі арнаға түсіре білген таланттар бұл күнде әдебиет айдынынан өздерінің жүзу алаңын жасай білді. Ойлау әлеміндегі шаблондарды бұзып, жария жайдақтықтан бөлек сыры терең, ойы нәзік, рухы қуатты лирикалық туындыларды дүниеге әкелді.

Көнетүркілік сарын қазіргі әдеби шығармаларға көптеп ене бастады. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жазбаларындағы елдік, халықтық рухтың сақталуы өз алдына да, ондағы сарынның жетуі бөлек дәлелдеуді қажет етеді. Ең алдымен тәуелсіздік алған елдің тарихи-генетикалық танымымен, ұлт болып қалыптасу арналарымен тығыз байланысты рухани құндылықтар болады. Тәуелсіздік әдебиетте үлкен арналардың жолын ашты. Ең бастысы шығармашылық иелерінің ой саумалдау кеңістігі кеңейіп, сана бостандығы қалыптасты. Сол арқылы ақындарымыздың көнетүркілер сарынына бойұсынуы жиілей бастады.

Жыраулық дәстүр – біздің әдебиетіміздің қанып ішер кәусар бұлағы. Олардың көркемдік қуаты қазіргі лирикалық поэзияның стильдік ерекшеліктерінің бірі болып қалыптасып келеді. Поэзиядағы фольклорлық желілер дегенде ең басты мәселе қазіргі ақындардың фольклорлық кейіпкерлерді және оқиғаларды өз шығармаларына арқау етіп алуын айтуға болады. Ақындар фольклорлық желілер арқылы шығармашылыққа жаңа тыныс беріп, ауыз әдебиетінің кейіпкерлеріне жаңа замандағы құлаш жаю үшін жаңа кеңістік алаңын ашты.

Әдебиетке 80-інші жылдардың соңы, 90-ыншы жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді десек онша қателесе қоймаспыз. Ол буыннан бөле-жарып Т. Медетбек, Н. Айтов, Н. Оразалин, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімұлын,

Н. Мәукенұлын, С. Нұржанды, Г. Салықбайды, Ж. Әскербекқызын, М. Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж. Сәрсекті, Б. Бабажанұлын, Б. Алдиярды, Д. Берікқажыұлын атауға болады. Бұл буын кеңестік дәуірдің соңғы қыспағын көрді және тәуелсіздік отының тұтануына оттық болған желтоқсан оқиғасына кейбіреулері куә болса, ал көрмегендері лебін сезінді. Шығармашылық қуаттарының енді қалыптаса бастаған шағында, қоғамда болып жатқан өзгерістердің, аталған буынның ақындық амбицияларын ұштап, жаңа бастауға жол ашқанын байқаймыз.

Жаңа заман поэзиясының негізін белгілі бір әдеби бағыт дамуынан іздеген дұрыс. Себебі кез-келген әдебиеттің өзінің даму және ағу арнасы болады. Жаңашылдық тұрғысынан қарасақ, қазіргі қазақ поэзиясының даму арнасы – модернистік және постмодернистік бағытта дамып келе жатқанын пайымдаймыз. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының поэтикалық үрдісінің жаңаруын бір кездері өз кезегінде, жаңа көпжанрлық бірліктің қалыптасуына себепші болған, әртүрлі жанрлық парадигмалардың (фольклорлық, әдеби, өзге мәдениеттің) басталып кеткен өзгерістері мен өзара ықпалдасуын осы кезең өлеңтануының жетістігі деп білеміз. Тарихи тұрғыдан алғанда, ұлттық өнердегі кез келген жанр біржола жоғалып кетпейді, тарихи объективті жағдайға байланысты белгілі бір кезеңде әдеби процесте «кейін шегіну» мүмкін. Бұрын болған кейбір жанр жаңа уақыт талабына қайта сай келсе, «жанрлық жад» қайта оянып, соның негізінде әлгі жанр түрленіп әдеби процесте алдыңғы қатарға шығады.

Қазіргі кезеңдегі жанрлық – поэтикалық үрдісті зерттеу мақсатында, жанр – мәтіннің барлық деңгейлерін әлемнің бір көрінісіне біріктіретін, шығарманың нақты тарихи түрі деген, жанр тұжырымдамасын ұсынамыз. Оның әлемнің көрінісіне деген қатысы өзінің тіршілік етуінің барлық кезеңдерінде сақталатын, жанрдың болмысын түсінудің ең маңызды деген жағына жатады деп санаймыз.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тәуелсіздік идеясының сабақтасуы және тәуелсіздік жылдарынан бастау алған әдебиет өкілдері шығармашылығының жалпы даму сипаты осындай. Әдебиет дамып, уақыт арнасынан сүзіліп шығып өз жолын таба бермек.

- De Corpore (1981) Part I. *Computatio Sive Logica*. Edited with an introductory essay by L. K. Hungerland and G. R. Wick. Translated and commented by A. Martinich. New York: Abaris Books.
- Dennett, Daniel (1997). "Quining Qualia". In Nede Blok (ed.). *The nature of consciousness*. Cambridge: MIT Press. P. 623.
- Dijk van T.A. (1987) *The spread of racism. Ethnic prejudices in thoughts and conversations*. Newbury Park, CA: Sage.
- Frank S. (1990) *Fr. Nietzsche and the Ethics of «love for the distant»*.
- Heidegger Martin (2000) *Einführung in die Metaphysik*. New Haven: Yale University Press.
- Horace F. (1993) *Collected works*. St. Petersburg: Bulletin of Knowledge.
- Jeannette J. Jeannette W (1983) *New speech of the recit*. Paris.
- Kairbekov A. (2004) *Tauelsizdik zhyldaryndagy qazaq poeziasy (1991-2001): problemalar, izdenister [Kazakh poetry during the years of Independence (1991-2001): problems, searches]* Almaty (in Kazakh).
- Kayyrbekov G. (1993) *Atameken [Atameken]* Zhuldyz. № 5. P. 55. (in Kazakh)
- Kazakh poeziyasyndagi dastur ulasuy (1981) *Kazakh poeziyasyndagi dastur ulasuy*. [Development of traditions in Kazakh poetry] Almaty: Gylym. (in Kazakh)
- Kumaruly K. (2001) *Kariboz [Kariboz]* Astana: Elorda. (in Kazakh)
- Kurmeuova M. (2003) *Zhyr dastan [The poem]* Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Kondykazakova <https://zonakz.net/2008/09/16/%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%> (in Russian).
- La Pérouse Jean-François de, (2005) *Voyage autour du monde sur l'Astrolabe et la Boussole (1785-1788)* [Travel around the world on the Astrolabe and Compass] Paris: La Découverte / Poche, (in French)
- Lazarev V.Ya., Tushnova O.E. (1998) *Samoobnovlenie vechnyh cennostei [Self-renewal of eternal values]* Moscow (in Russian)
- Maitanov B. (2006) *Soz syny [Word criticism]* Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Martinich A.P. (1995). Hobbes Dictionary*. Cambridge.
- Medetbek T. (2008) *Kirpigin kan katyp tur kogamnyn [The blood froze on his eyelashes.]* Zhas kazak. 28 nauryz. (in Kazakh).
- Meachern Claire (2003) *Literature and National Identity*. Work. The Cambridge History of Early Modern English Literature
- Surmeli Z. (1992) *Tuystar [Relatives]* Shalkar. 28 tamyz. (in Kazakh)
- Shangytbayev K. (1996) *Azattyk kungi zhyr [Song on the day of liberation]* Kazak adiebieti. 22 kazan. (in Kazakh)
- Shapai T. (1989) *Oi tybinde zhatkan soz [The word that lies at the bottom of the thought]* Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Warren R.P. (1971) *Homage to Theodor Dreiser*. New York: Random House.
- Zaykenova R. Kozhekeyeva B . Yerzhanova S. (2019) *The Issues of Metaphoric competence Development on the basis of literary heritage*The deuleption of teachers multicultural competence in the context of modern higher education / *Opcion*, 35 (88), 584-604. 584-604.
- Zhumadilov K. (1996) *Akikat zhyry [Psalm of truth]* Zhuldyz. № 10. P. 68. (in Kazakh)
- Zweig S. (1992) *Selected works*